

# Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 9-сабақ. Екінші бөлім.

**Лексикалық тақырып:** Ел тыныштығын күзеткен.

**Грамматикалық тақырып:** Сөйлемдегі логикалық, мағыналық қатынас түрлері

## **СӨЙЛЕМ.**

**Сөйлем** – біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай 4 түрі бар: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем. Олардың ережесі мен сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісі төмендегідей:

**1. Хабарлы сөйлем** хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылады. Тыныс белгісі: нүкте (.);

**Жасалу жолы:** Хабарлау мақсатында айтылған сөйлем арқылы жасалады.

**2. Бұйрықты сөйлем** бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылады. Тыныс белгісі: нүкте немесе леп белгісі (!); Бұйрық рай арқылы жасалады.

**3. Лепті сөйлем** сөйлеушінің көңіл-күйін (қуану, өкіну т.б.) білдіру мақсатында айтылады. Тыныс белгісі: леп белгісі (!).

**Жасалу жолдары:**

1. Одағай сөздер: қап, әттеген-ай, пай-пай т.б.;

2. Интонация арқылы;

3. Демеулік шылаулар: -ау, -ақ, -ай;

4. Күшейткіш мәнді сөздер: не деген, неткен, қандай, ғажап т.б.

**4. Сұраулы сөйлем** бір нәрсе жайлы сұрап білу мақсатында айтылады. Тыныс белгісі: сұрау белгісі (?);

**Жасалу жолдары:**

1. Сұрау есімдіктері; кім? қанша? қандай? т.б.
2. Сұраулық шылаулар: ма, ме, па, пе, ба, бе, ше.
3. Оқшау, көмекші сөз: ә, сірә, қайтеді, шығар.

**Қосымша мәлімет:** Сұраулы сөйлемдерде **негізгі сұрақ**, **жетек сұрақ** және **анықтауыш сұрақ** қолданылады:

**Негізгі сұрақ** – бір нәрсе, оқиға, іс туралы мәлімет алу үшін қойылған бастапқы сұрақ. Сұрау есімдігі мен сұраулық демеулік шылау арқылы жасалады. Мысалы, Ол не? Ол ат па?

**Жетек сұрақ** – негізгі сұраққа берілген жауапты нақтылау үшін қойылған сұрақ. «ше» шылауы арқылы жасалады. Мысалы, – Не алдың? – Ет алдым. – Нан ше?

**Анықтауыш сұрақ** – сөйлеушінің сөзін анықтап алу үшін қойылған сұрақ. Сұрау мағыналы интонациясы арқылы жасалады. Мысалы,

- Ол кім?
- Әнші.
- Әнші?
- Иә, әнші.

**Жазылым.** Тапсырмаларды орындаңыз.

1. «Отаншылдық үйден басталады» тақырыбында эссе жазып келіңіз.

**Айтылым.** Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз. Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Сіз бейбіт күнде ерлік жасаған Қазақстанның қандай азаматтарын білесіз?

Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

**Тыңдалым.**

Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Қазақстанның Қарулы Күштері» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап, өз пікіріңізді білдіріңіз.

**Тіл дамыту жұмысы. Өлеңді жаттап алыңыз.**

**Атамекен**

Әнін жазған: Ескендір Хасанғалиев

Сөзін жазған: Қадыр Мырза Әлі

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,

Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.

Айдарымнан сипап өткен самалды,

Қазағымның алақаны деп білем.

Қайда жүрсең ата мекен,

Көкейінде жатады екен,

Күннің өзі ұясына,

Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем,  
Асқар тауың, аспаныммен таласқан,  
Қазағымның мәртебесі деп білем,

Қайда жүрсең ата мекен,  
Көкейіңде жатады екен,  
Күннің өзі ұясына,  
Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем.  
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.  
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін,  
Қазағымның махаббаты деп білем.

Қайда жүрсең ата мекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің өзі ұясына,  
Қимай оны батады екен.

**9-сабақ аяқталды.**